| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Дидактикалық ойын:***<br>***«Құлыпты аш»***<br>*Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.*<br>*Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдерінің атауларын атап,оларды бір-бірінен ажырата біледі.*<br>*Еркін ойын* | ***Дид ойын:***<br>***«Сиқырлы суреттер»***<br>***Мақсаты:*** *бірлесіп жұмыс жасайды достық қарым-қатынаста бола алады.*<br>*Еркін ойын* | ***Отан» Ж. Әбдірашев.***<br>*«Отан – әжем,*<br>*Отан-анам!»*<br>*«Туған ел!» деп,*<br>*«Туған жер!» деп,*<br>*Ол бекерге аталмаған...*<br>*Атам,Әжем,Әкем,Анам –*<br>*Төртеуі де «Отан!» маған.*<br>*Төртеуі де «Ботам!» дейді,*<br>*«Ер азамат атан!» дейді ..*<br><br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* | ***Дид ойын: «Жаңбырлы ауа-райы»***<br>*Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен сурет сала алады.*<br><br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау.* | ***Мен де балғын гүлмін***<br>***Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!*<br><br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау.* |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Дид ойын: «Орнын тап»***<br>***Мақсаты:*** *балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба біледі.* | ***Дид ойын:«Балабақша»***<br>***Мақсаты:*** *балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата біледі* | ***Дид ойын:***<br>***«Не қайда тұрады?»***<br>***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалар заттың орналасу ретін біледі.* | ***Дид ойын:***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.* | ***Дид ойын:***<br>***«Әдемі гүл»***<br>*Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №19***<br>*Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Растишка» балабақшасы**

Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 19.09 – 23.09.2022ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қабылдау | *орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека № 1***<br>***Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды әр түрлі мамандықпен танысады.*<br>*Еңбекті құрметтеуді түсінеді.* | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын: «Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасында-ғы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.* | ***Картотека № 3***<br>***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.* | ***Картотека № 7***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.* | ***Картотека № 6***<br>***Дид ойын: «Кімге не керек»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта біледі.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | *Қыркүйек айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Достар , бері келіңдер,*<br>*Қолдарыңды беріңдер.*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қуанышпен еніңдер!* | *Қуанамыз күлеміз,*<br>*Бар әлемде сүйеміз.*<br>*Қол ұстасып, қуанып,*<br>*Достарымен бір жүреміз.* | *Күн жылуын аямасын,*<br>*Шуағымен аяласын.*<br>*Достық деген бәйтеректі*<br>*Барлық бала саяласын* | *Достарым, кең тұрыңдар,*<br>*Бақыт сонда ұғыңдар.*<br>*Қол ұстасып , күліпдеп*<br>*Шаттық шеңбер құрыңдар* | *Аманбысың ,алтын күн!*<br>*Аманбысың, жарқын күн!*<br>*Маған жылу, жарық бер,*<br>*Қуаныш пен шаттық бер* |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Телефон шырылдау.***<br>***Хабарлама келу.***<br>*-Ия балалар дәрігерден келген екен*<br>*Тәрбиеші хабарламаны оқиды.*<br>*Саламатсыздарма балалар!*<br>*Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме?*<br>*Біз сіздерді тексеруден өткізуге барамыз.*<br>***Дид ойын:***<br>***«Дене мүшелерді ата»***<br>*Шарты: дене мүшелерін көрсетіп атау.*<br>*(Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ)* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Мен сеңдерге хатты оқып берейін.*<br>***«Қымбатты балалар!***<br>***Біз ертегі орманның тұрғындарымыз.***<br>***Сіздерді қонаққа шақырамыз...»***<br>*Сендер қонаққа баргыларын келе ме?*<br>***Ой дамыту.***<br>*біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табу үшін, жұмақтарды* | ***Тосын сәт***<br>***Тиін келеді. Көңілсіз.***<br>*Балалардан көмек сұрау. Маған аю көп тапсырма берді, өзім орындай алмай тұрмын, маған көмек керек. Егер мен орындамасам аю жеп қояды.*<br>*Тиін сен уайымдама біздің балалар білімді , көмектеседі.*<br>***Тиінға көмек***<br>***1-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Шарларды ажыратып бер»***<br>*Суретпен жұмыс:* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар бүгін бізге бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті. Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.*<br>*- Ең үлкені Айжан*<br>*- Ал одан кішісі Айман*<br>*- Ең кішісі Айгүл*<br>*Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.* | ***Ғажайып сәт: Аудио дыбыс. Машинаның дыбысы. Бип-бип –бип***<br>*Балалар ненің даусы деп ойлайсыңдар?*<br>*Машинаның.*<br>***Ой қозғау***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Мультфильм қарау.*<br>*Ой балалар мына машина жүре алмай тұр екен, машинаға көмектесеміз бе?*<br>***Дид ойын: «Машинаға жол саламыз»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қ .Мырза Әли***<br>*-Екі көзің не үшін керек?*<br>*- Жақсыларды көру үшін!*<br>*- Екі қолың не үшін керек?*<br>*- Елге көмек беру үшін!*<br>*- Құлақ деген не үшін керек?*<br>*- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!*<br>*-Тіл мен жағың не үшін керек?*<br>*- Ақиқатты айту үшін!*<br>*- Ал аяғың?..*<br>*- Шетте жүрсем,*<br>*Туған жерге қайту үшін!*<br>*Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.*<br>***Дид ойын:***<br>***«Адам денесін құрастыр»***<br>*Шарты: суреттерді дұрыс құрастыра отырып, адам бейнесін шығару.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Шапалақ әдісі.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Қызықты оқиға.***<br>*Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен.*<br>*Оны **автопортрет** деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Шығармашылық ортаға саяхат.*<br>*Портреттерге назар аударайық.*<br>*Онда кімнің суреті салынған? (Ананың). Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың* | *шешуіміз керек.*<br>***Миға шабул***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Жасырған жұмбақты жылдам шешу*<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>*(Мұз)*<br>*Қылдай белі бүгілген,*<br>*Өзінен де жүгі үлкен.*<br>*(Құмырсқа)*<br>***Тосын сәт. Аудио дыбыс.***<br>***Ой балалар бұл ненің даусы.***<br>*(Тышқан)*<br>*Жаңбырдың дыбысы*<br>*Бұл ненің дыбысы? (Жаңбыр)*<br>*Ой балалар бұл ненің даусы? (Тоқты)*<br>*Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар.*<br>*Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі?*<br>*-Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі.*<br>*Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдыңдар. Жарайсындар !*<br>***Ой қозғау.***<br>***АҚТ технол жұмыс.***<br>*«Кім күшті» ертегісін көрсете отырып, түсіндіру.*<br>*Ал, енді көзімізді жұмып 1,2, 3 дегенде сиқырлы таяқшамен ертегі еліне жетеміз.*<br>*Ертегігелер еліне қош келдіңдер!*<br>***Дид ойын:***<br>***«Кім күшті?»*** | *-Ненің суретін көріп тұрмыз?*<br><br>*-Қоянның қолында неше шар?*<br>*-Мысықтың қолында неше шар бар?*<br>*Қайсысының қолындағы шар көп?*<br>*-Шардың түстері қандай?*<br>*-Шардың пішіндері қандай?*<br>***2- тапсырма .***<br>*Мен бау-бақшаға барып, құлпынай теруім керек. Алдымда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтемін? Аяғымды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек?*<br>*Көпір керек*<br>***Дид ойын. «Көпір саламыз»***<br>*Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір құрастырып берейік.*<br>***3-тапсырма.***<br>***Тақпақ айтып бер***<br>*Сенген қайрат, күшіне*<br>*Қоңыр аю-қорбаңбай,*<br>*Жасыл тоғай ішінде*<br>*Жүреді еркін қорғанбай.*<br>*Бал араның қалайда*<br>*Барлық балын өзі алып,*<br>*Жидегі мол тоғайда*<br>*Жүргізеді қожалық.* | *Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?*<br>***Дид ойын: «Қуыршақты ата»***<br>***Шарты:** Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.*<br>*Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім?*<br>*Жарайсыңдар балалар! Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, тапсырмалар мен жолда келе жатып алма теріпті.*<br>*Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.*<br>***Дид ойын : «Алма мен алмұртты салыстыр»***<br><br>*- Түстері бірдей ма?*<br>*- Түстері қандай?*<br>*- Жемістердің қайсысы көп, қайсысы аз?.*<br>***2-Тапсырма***<br>***Миға шабул.***<br>***Логикалық тапсырма***<br>*-Жол ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Қол ұзын ба, қысқы ма?*<br>*-Қасық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*Асық ұзын ба, қысқа ма?*<br>*-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?*<br>*-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?*<br>*-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Алма, алма, көп алма*<br>*Қызыл жасыл, сары алма.* | ***Шарты:** Геометриялық пішіндерден машинаға жол құрастыру.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Сөйлеуді ол білмейді. Бірақ тоқта жүр дейді.*<br>*Бұл не екен балалар?*<br>*-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?*<br>*-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?*<br>*-Бағдаршамның көздеріне қызметін айтып беріңізші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Көліктер қайда жүр? Жолда қалай жүру керек?*<br>*- Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?*<br>*-Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау нені суреті?*<br>*-Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді?*<br>*-Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі. Автобусттың суреті салынған белгіні көрсеңдер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен*<br>*Енді машина жолмен жүру үшін, бағдаршамды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көңіл-күйі қандай болды екен?*<br>*Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты?*<br>*Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады?*<br>*Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің жұмыстарыңды тамашалайтын боламыз.*<br>***Құрлымдалған ойын: «Менің портретім!»***<br>***Балалар жұмысын мадақтау.*** | *ертегіні сахналау.*<br>*Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды.*<br>*Мадақтау.*<br>*Көздерінді жұмып 1,2,3дейін санандар*<br>*Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.*<br>*-Сендерге ертегі ұнады ма?*<br>*-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?*<br>*-Кім өз ролін жақсы орындап шықты?*<br>*балаларды мадақтау .*<br>***Шығармашылық орталық***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ:*** *Трафареттен қойдың суретін мақта таяқшамен бояу.*<br>***2-топ:*** *Тышқанда іннің қасына жапсыру*<br>***3-топ:*** *Құмырсқаны мүсіндеу.*<br>***4-топ:*** *Қиылған суреттерден мұзды құрастыру.* | ***Сергіту сәті:***<br>*Бәріміз біргеміз.*<br>*Оңға бір қадам, солға бір қадам*<br>*Шапалақ ұрамыз.*<br>*Алға бір қадам, артқа бір қадам*<br>*Шапалақ ұрамыз.*<br>***4 - тапсырма.***<br>***Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін айтып бер.***<br>*1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!*<br>*3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі*<br>*2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма!*<br>*3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!*<br>*4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!*<br>*5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!*<br>***Тиін құуанып тапсырмаларын алып, балалрмен қоштасады***.<br>***Дид ойын: «Табиғатты тазала»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-Топ:***<br>*Суреттегі табиғатқа пайдалы заттарды жасыл корзинаға жапсыру.*<br>***2-топ***.<br>*Суреттегі ағаштарды жасыл түспен бояу* | *Теріп, теріп алайық,*<br>*Қалтамызға салайық.*<br>***3- тапсырма***<br>***Алма, алмұрт туралы тақпақтар айтып беріңдер***<br>*Апорт дейтін алма бар,*<br>*Жер жаратын атағы.*<br>*Ондай алма қайда бар,*<br>*Алматы – оның Отаны.*<br>***Алмұрт***<br>*Уылжыған албырт,*<br>*оның аты- алмұрт.*<br>*Мен алмұртпын ,*<br>*алмұртпын,*<br>*аузындамын бар жұрттың.*<br>***Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»***<br>***Шарты.****Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Иллюстациялық суреттер қарау.*** | *жасап берейік*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Бағдаршам көздері»***<br>***1-топ:***<br>***Шарты:*** *Бағдаршам көздерін ретімен жапсыру.*<br>***2-топ:***<br>***Шарты:*** *Бағдаршам көздерін бояу.*<br>***Дид ойын: «Сақ бол!»***<br>***Шарты:***<br>*Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)*<br>*Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)*<br>*Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).*<br>***Ой қозғау***<br>***Сұрақ- жауап***<br>*Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?*<br>*-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br>***Сюжеттік рольдік ойын: «Жүргізуші»*** |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*Ауа- райын бақылау* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №16***<br>*Кемпірқосақты бақылау .* | ***Картотека № 17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* |
| | ***Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Балық***<br>*Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету.*<br>***Тұзбен салу. Бояулар, қылқалам,***<br>***су ыдысы, қол сүлгі*** | ***Жазғы ағаштар.***<br>*Графикалық техниканың жаңа түрімен - «өсімдік басуымен» таныстыру. Композиция, түстерді қабылдау сезімдерін дамыту* | ***«Жаңбырлы ауа-райы»***<br>*Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен танысу үшін біз қағаздың бүкіл бетіне нүктелік, ритмикалық және біркелкі қолдану қабілетін қалыптастырамыз.* | ***«Жұлдызды аспан»***<br>*Түнгі аспанға балауыз шам арқылы бейне беру.* | ***Әдемі гүлдер***<br>***щетка әдісі***<br>*Тіс щеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу* |
| | ***Дәстүрден тыс сурет салу . Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс – әрекетін дамыту картотекасынан*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен Жеке жұмыс | ***Дид ойын: «Не артық?»*** *Мақсаты: Суретте тұрған артық затты таба біледі.* | ***Дид ойын: «Гүлдер біздің досымыз»*** *Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, суару, қопсыту дағдыларын меңгереді.* | ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»*** *Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.* . | ***Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз»*** *Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.* | ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»*** *Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.* | ***Картотека №14*** *Ауа- райын бақылау* | ***Картотека №15*** *Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №16*** *Кемпірқосақты бақылау* **.** | ***Картотека № 17*** *«Күз көрінісін бақылау»* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата-аналарға кеңес:*** *«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».* | ***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | ***Кеңес:*** *«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».* | *Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Растишка» балабақшасы**

Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 26. 09 – 30.09.2022ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер | ***Картотека № 18*** ***Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** ***Мақсаты:*** *суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі.* | ***Картотека № 21*** ***Дид ойын: «Балық аулау»*** ***Мақсаты:*** *сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.* | ***Картотека № 20*** ***Дид ойын: «Орнын тап»*** *Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.* | ***Картотека № 17*** ***Дид ойын: «Жеке атауын ата»*** *Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі.* | ***Картотека № 15*** ***Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»*** *Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Мына аспан астында*<br>*Жақсы дос көп табылар*<br>*Мен де соның бірімін,*<br>*Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім*<br>*Ылғи күліп жүремін.*<br>*Бірге ойнапғ бір жүрер*<br>*Достарым көп, білемін!* | *Сиқырлы айнадан*<br>*Өзімді көремін.*<br>*Бақыттан жайнаған.*<br>*Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөгеленген шеңберді.* | *Бақыт толы шеңберге,*<br>*Шаттық толы шеңберге,*<br>*Қол ұстасып келдік біз,*<br>*Жан достармыз енді біз.* |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | ***Қызығушылықты ояту*** ***Сөздік ойын: «Күн шуағы».*** *Педагог сандықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарады. Бір-бірлеріне күнді ұсынып, тілектер айтады (педагогтің көмегімен).* ***Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».*** *Тамаша ғой бақшамыз,*<br>*Саяхатқа шығамыз.*<br>*Алға басып келеміз,*<br>*Бәрін, бәрін білеміз*<br>*АҚТ технологиясымен жұмыс.*<br>*«Балабақша бөлмелері».*<br>*Слайд арқылы балабақша бөлмелеріне саяхаттау.* | ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Мен сеңдерге хатты оқып берейін.* ***«Қымбатты балалар!*** ***Біз ертегі орманның тұрғындарымыз.*** ***Сіздерді қонаққа шақырамыз...»*** *Сендер қонаққа барғыларын келе ме?* ***Ой дамыту.*** *біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табу үшін, жұмақтарды шешуіміз керек.* ***Миға шабул*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Шарты: Жасырған жұмбақты жылдам шешу* | ***Психологиялық жаттығу. «Күлкі сыйла»*** *Мен сенің досыңмын, ал сен менің досымсың.*<br>*Қолды мықтап ұстайық*<br>*Күлкіден мейрім шашайық*<br>*- Жарайсыңдар, Бір-бірімізге күлкі сыйладық.* ***Сұрақтар ілмегі.*** *-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?*<br>*-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз?*<br>*Жарайсыңдар балалар.*<br>*Балабақшада сендер не істейсіңдер?*<br>*Балалардың жауаптарын тыңдау.* ***Тосын сәт.*** *Қызыл телпек келеді.* | ***Таңғажайып сәт.*** ***АҚТ технологиясы*** *Жалқаубек шығады, үсті басы кір-кір.* ***Сұрақ- жауап.*** ***Жалқаубектің не болған?*** *- Көңілсіз -Үсті лас*<br>*-Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр.*<br>*Қандай көмек береміз?* ***Қызығушылықты ояту*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Ерте мен күнде сен,*<br>*Қолыңа сүйкесең*<br>*Кетіп кір ласың*<br>*Тап – таза боласын*<br>*Бұл не? сабын*<br>*Шомылған баланы*<br>*Аймалап алады.*<br>*Сүртеді қолыңды* | ***Қызығушылықтарын ояту****.* *Тосын сәт: Аудио дыбыс.Балалардан көмек сұрайды.* *Мен ойыншықтар сатып алғым келеді, ал маған сатушы тапсырма беріп тұр.* *Тапсырмаларды орындаса ойыншық дүкеніне кіргізетінін айтады.* ***Дид ойын: «Сайқымазаққа көмек»*** ***1-тапсырма. Дьенеш блоктары.*** *Мына Дьенеш блоктарын қағаз бетіндегі геометриялық фигураларға орналастырындар.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *-Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді.*<br>– *Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды.*<br>– *Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар?*<br>– *Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады.*<br>– *Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады.*<br>– ***Тіл ұстарту жаттығуы.***<br>*Шарты: Айнанаы алып дыбыстық жаттығуды жасау.*<br>*Айтылуы: Біздің балабақшада бірінші қабатта дәрігер бөлмесі, музыка залы, спорт залы және асүй бар.*<br>*Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады.*<br>*Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та музыка бөлмесі бар.*<br>*-ең-ең-ең – балабақша кең.*<br>*-ық-ық-ық – бөлмелер жарық.*<br>*-нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды).*<br>*Мәтін үлгісі. Біздің балабақша үлкен. Балабақша әдемі, таза.* | *Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>*(Мұз)*<br>*Қылдай белі бүгілген,*<br>*Өзінен де жүгі үлкен.*<br>*(Құмырсқа)*<br>***Тосын сәт. Аудио дыбыс.***<br>***Ой балалар бұл ненің даусы.***<br>*(Тышқан)*<br>*Жаңбырдың дыбысы*<br>*Бұл ненің дыбысы? (Жаңбыр)*<br>*Ой балалар бұл ненің даусы? (Тоқты)*<br>*Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар.*<br>*Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі?*<br>*-Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі.*<br>*Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдыңдар. Жарайсындар !*<br>***Ой қозғау.***<br>***АҚТ технол жұмыс.***<br>*«Кім күшті» ертегісін көрсете отырып, түсіндіру.*<br>*Ал, енді көзімізді жұмып 1,2, 3 дегенде сиқырлы таяқшамен ертегі еліне жетеміз.*<br>*Ертегігелер еліне қош келдіңдер!*<br>***Дид ойын:***<br>***«Кім күшті?»***<br>*ертегіні сахналау.*<br>*Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды.*<br>*Мадақтау.*<br>*Көздерінді жұмып 1,2,3дейін* | ***Ойын:*** *«Сиқырлы гүлдер»*<br>*Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізсем сол бала сұраққа жауап береді.*<br>*-Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың?*<br>*-Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды?*<br>*-Сенің балабақшаң қалай аталады?*<br>*-Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба?*<br>*Балалар сұраққа қызыға жауап береді.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Балабақша қызметкерлерін тауып айт»*<br>*Шарты: Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін табуы керек*<br>***Сергітусәті.***<br>***Бір қадам әдісі*** *.*<br>*Балабақша есігін*<br>*Үшке толып ашқанбыз*<br>*Мәпелейді бақшамыз*<br>*Бұл екінші үйіміз*<br>*Бір туғанбыз бәріміз*<br>*Біз осы үйдің гүліміз*<br>*Біз осы үйдің сәніміз.*<br>***Қорытынды.***<br>*Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.*<br>***«Бүлдіршіннің арманы» әні***<br>*АКТ дан бірге қарап қайталау.*<br>***3 шапалақ әдісі*** *арқылы қорытындылау.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>*Шығармашылық бұрыш.*<br>*Балаларды топқа бөлу.* | *Сүртеді бетіңді*<br>***Бұл не? сүлгі***<br>*Бұлар нелер екен?*<br>*Тазалықтыі досы*<br>***Ой дамыту.***<br>***Жалқаубекке керек заттар.***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ «ТАЗАЛЫҚ»***<br>***Дид ойын: «Жаңылма»***<br>***Бұл бала қай бала?***<br>*Қарашы үстіне,*<br>*Бір кіршік түстіме көзіңе*<br>*Тап-таза ақ қаздай*<br>*Киімі мұнтаздай*<br>*Жарайсың балақай*<br>*Дейміз біз мадақтай*<br>***Салыстыру***<br>***-Анау бала, Бетін қара,***<br>*Кір қожалақ, қап-қара*<br>*Тырнағы өскен,*<br>*Шашы көптен*<br>*Алынбаспты –ау масқара*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Осындай бала болмас үшін не істеу керек?*<br>***Дид ойын: «Тазалықтың достары»***<br>***2-топ. «ТАҒАМДАР»***<br>***Ой дамыту. Суретпен жұмыс***<br>*Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру.*<br>*Иллюстрациялық суреттер.*<br>***Дид ойын «Жеміс-жидек теру және егу»***<br>***3.«ШЫНЫҒУ» Аудиомен.***<br>***Ой қозғау.***<br>***Дені сау болу үшін адамға не керек?*** | *-мына қағазда қандай геометриялық фигурадан тұратын пішіндер бар, алдымен қарап, атап көрелік.*<br>*-түстері қандай?*<br>*-Қалың ба жұқа ма?*<br>*Тапсырманы орындау*<br>***2-тапсырма***<br>*Текшелермен жұмыс.*<br>*– Бұл не?*<br>*– Қандай түсті текше?*<br>*– Қай текше үлкен?*<br>*– Қай текше кіші?*<br>*(Осыны айта отырып текшелерді бірінің үстіне бірін қояды.)*<br>*Текшелерді салыстырады*<br>***3-тапсырма***<br>*Дид ойын: «Ойыншықтар пішінге ұқсайды?»*<br>*Тапсырмаларды суретке түсіріп жіберу.*<br>*Аудио. Алақай рақмет балалар , мен ойыншық дүкеніне кірдім.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Тік ұста бойыңды,*<br>*Жоғары соз қолыңды.*<br>*Соз қолыңды тағы да,*<br>*Жеткіз жираф мойына.*<br>*Қызығушылықты ояту.*<br>*Аудио дыбыс: Балалар мен коробкамен ойыншықтар алдым, бірақ мен оны құрастыруды ештеңе білмеймін.*<br>*Балалар Сайқымазаққа көмектесеміз бе?*<br>***Ойыншығым құрастырғыш,*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| – | *Балабақшада спорт залы , музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, . Музыка залы бар. Спорт залы үлкен.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Біз балалар бағында,*<br>*Тұрамыз өте көңілді.*<br>*Көп болсақ та достықпен.*<br>*Өткіземіз өмірді*<br>***Ғажайып сәт.***<br>*Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Бәрін ойын ойнауға шақырады*<br>***Ойын: «Кім тапқыр?». Өткен «Балабақша бөлмелері»*** *тақырыпты қайталау, педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету.*<br>*Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.*<br>***Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».***<br>***Тамаша ғой бақшамыз,***<br>***Саяхатқа шығамыз.***<br>***Алға басып келеміз,***<br>***Бәрін, бәрін білеміз.***<br>*Балалар топтарына саяхатқа шығады.*<br>*Бұл – сендердің топтарың. Мынау – топ бөлмесі. Топта не бар? (Балалар топтағы заттарды атайды).*<br>*Топта үстел бар.*<br>*Топта орындық бар.* | *сандар*<br>*Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.*<br>*-Сендерге ертегі ұнады ма?*<br>*-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?*<br>*-Кім өз ролін жақсы орындап шықты?*<br>*балаларды мадақтау .*<br>***Шығармашылық орталық***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ:*** *Трафареттен қойдың суретін мақта таяқшамен бояу.*<br>***2-топ:*** *Тышқанда іннің қасына жапсыру*<br>***3-топ:*** *Құмырсқаны мүсіндеу.*<br>***4-топ:*** *Қиылған суреттерден мұзды құрастыру.* | ***1-топ:****Балабақша макетін құрастыру*<br>***2-топ:*** *Дайын спорт залдың суретінедене шынықтыру заттарын жапсыру.*<br>***3- топ:*** *Дайын үлгідегі суреттерден, ұнаған музыкалық аспаптарын бояу.*<br>***4- топ:*** *Асхана заттарын мүсіндеу.*<br>***Балабақша***<br>***Абдрахман Асылбек***<br>*Оянамыз таң нұрымен,*<br>*Аттанамыз бақшаға.*<br>*Қарсы алады ән-жырымен*<br>*Бақшамызда жақсы ана.*<br>***Сюжеттік рольдік ойындар бұрышы.***<br>***Асхана, дәрігер, шаштараз***<br>*Балаларды бақылау.*<br>***Мақсаты:*** *ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру.* | *Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек. Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма?*<br>*Жалқаубек мен үйге тез барам да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім.*<br>*Рақмет айту.*<br>***Түйін:*** *Денсаулық ол күлуің,*<br>*Денсаулық ол жүруің,*<br>*Ешбір жерің ауырмай.*<br>*Бақытты өмір сүруің.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Тосын сәт. Есік қағылып Айгүл қуыршақ келеді.ан хат***<br>*Амандасу. Балалар мен Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым,онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді,енді сендерден көмек сұрап келдім.Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенін айтыңдаршы?*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз?*<br>*-Жемістер мен көкөністерден аламыз.*<br>*- Айгүлге көмектесу үшін не істейміз?*<br>*-Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Алма баққа барайық,* | ***Көрсетеді көмегін.***<br>***Кімге көлік, кімге үй,***<br>***Құрастырам керегін***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ:*** *Машина ойыншығын құрастыру.*<br>***2-топ:*** *Үй суретін салу*<br>***3-топ:****Допты мүсіндеу*<br>***4-топ:*** *Пирамида жапсыру.*<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін әр топқа түсіндіру*<br>*Жасаған жұмысты суретке түсіріп жібереміз*<br>*Шапалақ арқылы қортындылау.*<br>***Ойыншықтарым көп менің,***<br>***Бәрін жақсы көремін.***<br>***Кешке дейін жалықпай,***<br>***Бірге ойнап жүремін.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мынау – ойын бұрышы.*<br>*Мынау – ... («ойын бұрышы» сөзін жеке, хормен қайталайды)*<br>*Ойын бұрышында не бар?*<br>*Мынау не?*<br>*Мынау – қуыршақ (өздері білетін ойыншықтарды атайды).*<br>*Қуыршақ не?*<br>*Қуыршақ – ойыншық.*<br>*Мынау не?*<br>*Мынау – піл.*<br>*Піл не?*<br>*Піл – ойыншық.*<br>*Ойыншық қайда тұр?*<br>*Ойыншық ойын бұрышында тұр.*<br>*Мынау – ұйықтайтын бөлме.*<br>*Мынау не?*<br>*Мынау – кереует.*<br>*Кереует қай бөлмеде?*<br>*Кереует ұйықтайтын бөлмеде.*<br>*Мынау – табиғат бұрышы.*<br>*Мынау не?*<br>*Мынау – табиғат бұрышы.*<br>*Мынау – гүл.*<br>*Гүл табиғат бұрышында тұр.*<br>*Гүл қай бөлмеде тұр?*<br>*Гүл табиғат бұрышында тұр.*<br>*Балалар педагогтің соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.* | | | *(орында тұрып ,жүру)*<br>*Алма теріп алайық, ( алма теру қимылын жасайды)*<br>*Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру)*<br>*Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру)*<br>***Балаларды топқа бөлу***<br>*Жұмы с жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету*<br>*Трафаретпен жұмыс.*<br>***Пед жет ойын: «Қандай алма?»***<br>***1- топ.*** *Қызыл лма*<br>***2- топ.*** *Сары алама*<br>***3- топ.*** *Жасыл алама*<br>*Алмаларды суретке түсіру, суретті Айгүлге жіберу.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Суреттерді ретте***<br>***Дид ойын****:«Пайдалы және зиянды тағамдар»*<br>*Шарты:Пайдалы тағамдарды себетке құрастырамыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жапсырамыз.* | |
| ***Ойын:*** | ***«Біреу – көп».***<br>*Педагог заттарды жекеше, көпше түрде айтуға* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *үйретеді. ойыншық – ойыншықтар*<br>*кереует – кереуеттер ,гүл – гүлдер*<br>*үстел – үстелдер, орындық – орындықтар*<br>***Шығармашылық бұрыш. Кішкентай суретшілер***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*1-Топ. Кереуетті құрастыр*<br>*2-топ: Қуыршақты жапсыр*<br>*3-топ: Орындықты мүсінде*<br>*4-топ: Гүлдің суретін сал* | | | | |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау* | ***Картотека № 11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* | ***Картотека №12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | ***№4***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Тырысамыз, тырысамыз*<br>*Денсаулықты нығайтамыз*<br>*Аяқ, қол мықты болып*<br>*Май табаннан арыламыз.*<br>*Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.* | ***№ 5***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*<br>*Ояту*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақ ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№ 6***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Тыныс алу жаттығулары*<br>*Ұзын құлақ сұр қоян*<br>*Ести қалып сыбырды*<br>*Өсіп тұрған сәбізді*<br>*Жұлып алып иіскеді.* | ***№7***<br>*Майтабанның алдын алу.*<br>*Ояту*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№10***<br>*Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*<br>*Мысықтар*<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарап*<br>*Достарымызға күлеміз.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес | ***Біздіңсаяхат*** | ***Тәжірибе №1.*** | ***Дид ойын: «Зерттеушілер»*** | ***Тәжірибе жасау*** | ***Тәжірибе №3. «Қандай*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Ойыншарты:****Балалар шеңбердеотырады, педагог балаларғасаяхатқабаратынд арынайтады. Көз алдарыңа елестетіп, қимыл қозғалыстарды орындаймыз 1. Баспалдақтан баяу, асықпай түсеміз; 2. Далаға шықтық күннің көзіне қуанып жүгірдік; 3. Айгерімдоптыалыпжергесоғ абастады; 4. Балалар тез секірді; Бірақкүнкүркірепжаңбыржа уабастады, алдыменақырын, сосынқаттыжауды. Балалар қорқып тез-тез балабақшаға оралды.(осы қимылдардың барлығын музыкалмен ойнайды.* | ***«Топырақтың температураға байланысты жағдайы».*** *Шуақты күнде балаларды жерді зерттеуге шығару, қолдарымен топырақты түртіп қарау: -жылы (күн оны қыздырды), -құрғақ (қолында ұсақталады), -түсі (ашық қоңыр), жерді суару ( жаңбыр жауды), балаларды тағы да топырақты қарауға шақыру. Жер қараңғыланды, ылғалданды, балалар саусақ ұшымен бетін басады - жабысқақ болып, кесектерге жабысады. Салқын су топырақты салқын жаңбыр сияқты салқындатты.* ***Тәжірибе №2.*** ***«Топырақтың жағдайы»*** *Топырақты ауланың әртүрлі бөліктерінде немесе балабақша аумағында алынған қораптарға құю үшін шпательдерді қолданыңыз. Қолмен ұстау үшін: түйір, түйір емес, тегіс, қатты, жұмсақ және т.б. Лупа арқылы неден тұратынын тексеріп қарау.* | ***Тәжрибе№1*** ***1-нұсқа.*** *Ыдыстағы құмды түтікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия.* ***2-нұсқа.*** *Қасықтың көмегімен төбешік жасау. Құм қандай? Сусылдақ, жылжымалы* ***Тәжірибе №2*** *Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық. Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қара түсті.* | ***1-топ. Сүт пен суға тәжірибе*** *Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейті-нін бақылайды.* ***"Су - мөлдір"*** ***2- топ. Суға қант пен тұз қосып тәжірибе.*** *Суға қант пен тұз қосу және судың өзі дәмін татады.* ***"Суда дәм жоқ"*** ***3-топ Бояулармен.*** *Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау.* ***"Су - түссіз"*** ***4- топ. Су және ванилин Яғни:"Судың иісі жоқ"*** ***Сұрақ-жауап*** ***Су қандай? Балалардың жауабы.*** | ***кірді жуу оңай?»*** *Жаңбырдан кейін балаларды резеңке етікпен құмды жолмен және сазбен жүргізу. Қандай құм немесе саз тез жуылды? Неліктен?* ***Тәжірибе №4. «Құм мен саздың су өткізгіштігі»*** *Құммен шұңқырға су құй. - Ол не болды? (Ылғал, дымқыл) - Су қайда жоғалып кетті? (Ол құм түйірлерінің арасына тығылды.) - Таяқ қай құмға оңай енеді? (құрғақ). Суды жерге төгіңіз. - Су қалай сіңеді? (Құмнан баяу. Судың бір бөлігі сазда қалады.) Құрғақ сазға қарағанда таяқшаны дымқыл сазға жабыстыру оңайырақ. Қорытынды: Құм судан тезірек өтеді.* ***Қорытынды:*** *сәулесінде топырақ жұмсақ әрі жылы, көлеңкеде қатты және салқын болады; дымқыл топырақ жабысқақ, онда іздер қалады; құм саздан тезірек суды өткізеді.* |
| Балалармен жеке ж ұмыс | ***Дид ойын: «Орнын тап»*** ***Мақсаты:*** *балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба* | ***Дид ойын:«Балабақша»*** ***Мақсаты:*** *балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды* | ***Дид ойын:*** ***«Не қайда тұрады?»*** ***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалар заттың орналасу ретін біледі.* | ***Дид ойын:*** ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.* | ***Дид ойын:*** ***«Әдемі гүл»*** *Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *біледі.* | *дұрыс атап, ажырата біледі* | | | *алады.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №11*** *Күнді бақылау.* | ***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18*** *Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №19*** *Жаңбырды бақылау.* | ***Картотека №20*** *Жәндіктерді бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Растишка» балабақшасы**

Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардыңжасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 03.10 – 07.10.2022 ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, | ***Картотека № 3***<br>***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»***<br>*Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.* | ***Картотека №4***<br>***Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»***<br>*Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым* | ***Картотека № 7***<br>***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»***<br>***Мақсаты:*** *балалар табиғатты рухани бағалау* | ***Картотека № 9***<br>***Дид ойын: «Құстарға көмек береміз»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар құстар туралы суреттермен* | ***Картотека № 10***<br>***Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?***<br>***Мақсаты:*** *Жемістер мен көкөністер туралы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер | | *сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді.* | *мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын түсінеді.* | *жұмыс жасап, өз ойларын айта алады.* | *олардың айырмашылық-тарын айта алады.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Жарқырап күнде ашылды,*<br>*Айналаға нұр шашылды.*<br>*Қайырлы күн!*<br>*Біз көңілді баламыз!*<br>*Қайырлы күн!*<br>*Біз сүйкімді баламыз* | *Күлімдеген күн мейірімді!*<br>*- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!*<br>*- Таза мөлдір су мейірімді!*<br>*- Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!* | *Күн нұрындай көңілім,*<br>*Даламдай кең пейілім.*<br>*Жүрегім толы мейірім,*<br>*Бәріне ортақ шуағым,*<br>*Қайырымды боламын.* | *Қайырлы таң балалар!*<br>*Жарқырады қаламыз,*<br>*Жайнай түсті даламыз,*<br>*Қайырлы таң балалар!*<br>*Аман Отан панамыз,*<br>*Аман ата-анамыз,*<br>*Қайырлы таң балалар* | *Қол ұстасып, дөңгеленіп,*<br>*Тұра қалдық екеуміз.*<br>*Өзіміз де дөңгелек*<br>*Күнге ұқсайды екенбіз* |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | ***Тілек шоғы.***<br>*Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді.*<br>***Сөйлеуді дамыту.***<br>***Миға шабуыл.***<br>***Жұмбақ жасыру***.<br>*Жапырақты бояды,*<br>*Атыраптыбояды.*<br>*Бояп-бояп барлығын*<br>*Сап-сары ғып қояды. (Күз)*<br>***Дид ойын:***<br>***“Күз белгісі неде?***<br>*Күзде жапырақтар… (сарғаяды)*<br>*Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)*<br>*Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)*<br>*Күзде түн…(ұзарады) Күн… (қысқарады)*<br>*Күзде жеміс-жидек… (піседі)*<br>*Күзде жазғы демалыс біміп… (оқу басталады)*<br>***Математика*** | ***Көркем әдебиет***<br>***Ой қозғау***<br>***Бүркіт Жақыпов.***<br>***«Күзде»***<br>*Алма пісті,Алмұрт пісті,*<br>*Алша пісті, Жерге түсті.*<br>*Қияр пісті,Қарбыз пісті,*<br>*Қауын пісті,Қандай күшті!*<br>*Жидектердің татып дәмін,*<br>*Жемістердің жейміз бәрін.*<br>***Сұрақ – жауап.***<br>*Осы жемістер, көкөністер қай мезгілде піседі?*<br>*Сонымен өлеңде қай мезгіл туралы айтылған?*<br>***Қоршаған орта***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Хатшы хат әкеледі.*<br>***Ой қозғау***<br>*Хат кімнен келді?* | ***Қоршаған орта***<br>***Тосын сәт. Аудио дыбыс.***<br>*Күзгі орманнан хабарлама. Құрметті балалар! Мен орманшы атаймын. Күз келіп ормандағы барлық жануарлар қысқа дайындалып жатыр. Сол үшін аңдарға үлкен көмек керек боп тұр .Мен жалғыз өзім үлгере алмай жатырмын. Көмекке келесіңдер ме?*<br>***Балалар Күзгі орманға саяхатқа барамыз ба?***<br>*Ендеше мына әнді айтып саяхатқа барайық*<br>***Музыка.***<br>***«Саңырауқұлақ тереміз»***<br>*(Г. Абдрахманова) әніүйретіледі.*<br>*Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев).*<br>*Орманға келу.*<br>***Тиінге кездесу.Тиін ағаш*** | ***Тосын сәт. Қоян келеді.***<br>***Сөйлемді дамыту.***<br>***Қоян: Сәлематсыздар ма, балалар!***<br>***Балалар қоянмен амандасады.***<br>*Сәлематсыз ба қоян, көңілдісің ғой?*<br>*Қоян: Ия балалар бүгін менің туған күнім, маған қасқыр сыйлық берді. Сыйлығыңды бізге көрсетесің бе? Қасқыр саған не сыйлады екен?*<br>***Қоян: Білмедім? Ендеше сыйлықты бірге ашып көрейік.***<br>*Қоян: Ой балалар мына қораптың ішінде дым жоқ қой! Сонда мені қасқыр алдағаны ма?*<br>*Қоян тоқта ренжіме қораптың ішінде хат жатыр. Хатты ашып көрейік.* | ***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Сөйлеуді дамыту.***<br>***Ертегілер әлемі.***<br>***Дид ойын: «Сыңарын тап»***<br>*Балаларды топқа бөлу*<br>***1топ –*** *Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.*<br>***2 топ –*** *шалқан ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.*<br>***3 топ –*** *жеті лақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.*<br>***Денешынықтыру.***<br>***Дид ойын: «Қимылын көрсет»***<br>*Шарты: Педагог бір кейіпкерді атайды, бала соның қимылын салады. Әр түрлі бет перделер киіп әр ертегі кейіпкерлерінен қимылдар көрсету* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | ***№2***<br>*- Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен.*<br>*- Кереуетте жатып велосипед тебу.*<br>*- Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.* | ***№4***<br>*Бір – көтер кәне қолыңды*<br>*Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*<br>*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | ***№5***<br>*"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын ізден жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | ***№7***<br>*«Күннің оянуы»*<br>*- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* | ***№10***<br>*Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)*<br>*Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау)*<br>*Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау)*<br>*Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау)*<br>*Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және | ***«Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»***<br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу*<br>*- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау*<br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту* | ***Санамақ***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.* | ***-Күн туралы түсінік беру.*** *-*<br>*Сұрақ – жауап .*<br>*- Табиғат нешеге бөлінеді?*<br>*-Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?*<br>*- Жарық, жылу , су,ауа.*<br>*–Олар жылуды қайдан алады. – Күннің шуағы деген не?* | ***Бауырсақ кіммен кездесті?***<br>***Ойын барысы:*** *Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға* | ***Менің балаларым қайда?***<br>***Ойын шарты:*** *Педагог балаларға карточкада тауық, үйрек, күрке тауық, ит, мысық аналарын т.б көрсетеді, ал балалардың қолдарында кіші* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| тағы басқа әрекеттер) | *- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?*<br>*- Құстарға қалай көмектесеміз?*<br>***Ширату.«Құм, тас, су».***<br>*«Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру.*<br>*«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.*<br>*Су дегенде толқын жасап қалу.*<br>***Түсініктеме***<br>*-Ауаны жұтамыз*<br>*-Күн жылуын, жарығын береді.*<br>*-Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді?*<br>*-Сусыз тіршілік жоқ*<br>*-Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады.* | *Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз*<br>***Дид ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br>***Ойын мақсаты:*** *үлкендерді сыйлауды,отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.*<br>***Саусақ жаттығулары:***<br>***«Қонаққа барамыз»***<br>*Басбармақтың үйіне,*<br>*Келді бүгін қонақтар,*<br>*Бес саусағың біріксе,*<br>*Текке кетпес уақытың,*<br>*Барлық саусақ – тату дос,*<br>*Бір – біріңе көмектес* | ***Ой қозғау.***<br>*Ұжымдық жұмыс.*<br>*Үлкен форматта салынған дөңгелекке күннің шуағын жапсыру.*<br><br>*Абдрахман Асылбек*<br>*Күндей күліп қабағым,*<br>*Жарқырайды жанарым.*<br>*Әрбір келген жаңа күн*<br>*Жаңа достар табамын* | *байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді.* | *карточка (балалары) аудио қойылып, балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып керек карточканы көрсетеді* |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***Достық***<br>*Ортақ мекен жер шары,*<br>*Төбемізде бір аспан.*<br>*Барлық ұлттың баласы,*<br>*Достығымыз жарасқан* | ***Тақпақ жаттау.***<br>***Отан Е.Өтетілеуұлы***<br>*Отан деген - Атамекен,*<br>*Отан деген - туған жер.*<br>*Отан - ана, Отан - үлкен,*<br>*Қазақстан - туған ел.* | ***Санамақ***<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым - атам,*<br>*Балан үйрек - апам,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр шүмек - анам,*<br>*Кішкентай бөбек - мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз* | ***Отан***<br>*Бақытты боп жүргенім*<br>*Сенің арқаң, Ұлы Отан.*<br>*Елім менің –тірегім,*<br>*Құшағында гүл атам.*<br>*Сененбақыттарайды*<br>*БаршамызғаҰлы Отан.* | ***Туған өлкем .***<br>*ӨтебайТұрманжанов*<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу, неткен көркем!*<br>*Осы менің туған өлкем!* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №2***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау* | ***Картотека № 3***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №9***<br>*Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата-аналарға кеңес:***<br>*«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».* | ***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | ***Кеңес:***<br>*«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».* | *Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру* |

Балалардың жасы 3-4 жас Жоспардың құрылу кезеңі : 07.11 – 11.11.2022ж

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Растишка» балабақшасы**

Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 14.11 – 18.11.2022ж.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №10***<br>***Дид ойын:***<br>***«Танып ал да, атын ата»***<br>***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады.* | ***Картотека № 12***<br>***Дид ойын:***<br>***«Әдемі гүл»***<br>*Ойынның мақсаты:,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.* | ***Картотека № 16***<br>***Дид ойын:***<br>***«Үйжануарлары»***<br>*Ойынмақсаты: Үйжануарларынолардыңдене мүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі.* | ***Картотека № 17***<br>***Дид ойын:***<br>***«Менің сүйікті ертегім»***<br>***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады.* | ***Картотека № 18***<br>***Дид ойын:***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:*** *Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қараша айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Ашық менің жүрегім*<br>*ЫлғиКүліп жүремін.*<br>*Бірге ойнап бір жүрер*<br>*Достарым көп, білемін!* | *Асапан ашық ,көгілдір*<br>*Күн шуағын төгіп тұр!*<br>*Қол ұстасқан біздерді,*<br>*Тереземнен көріп тұр.* | *Шаттанамын, күлемін,*<br>*Бақытты боп жүрмін.*<br>*Қатар тұрар шеңберде,*<br>*Досым көбін білемін.* | *Қол ұстасып, дөңгеленіп,*<br>*Тұра қалдық екеуміз.*<br>*Өзіміз де дөңгелек*<br>*Күнге ұқсайды екенбіз.* | *«Кел, балалар күлейік»*<br>*Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша | ***Суреттер әлемі.***<br>***Шарты: Әр түрлі иллюстрациялар қарау.*** | ***Сюжеттік суреттер қарау.***<br>***Дид ойын: «Бақтағы егін жинау»*** | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Аудио дыбыс телефоннан.***<br>*Құрметті балалар мен* | ***Тыныштық сәті:***<br>***(Табиғат құбылыстарының*** | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар сендерге саяхатқа барған ұнайма?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымдастырылған іс-әрекет. | *Суреттердің арасынан мен хат және карта кездестірдім.*<br>*Хатта Білім профессоры бізді тәжірибе жасау үшін зертханасына шақырады, ал жолда бізге қажетті жемістерді табу керек, ол үшін бізге карта көмектеседі.*<br>***Дид ойын: «Жемістерді жина»***<br>*Жемістерді жинап, картадағы жеміс зертханасына кеттік.*<br>*Қане зертханаға жету үшін көзімізді жұмып, 1,2,3 деп айтамыз.*<br>*– Ал қазір біз оларды зертханамызда тексеріп көреміз.*<br>*Тәрбиеші:*<br>*-Біздің дастарханда жемістер бар, оларды атаңдар. (банан, алмұрт, алма, мандарин, жүзім, лимон).*<br>*- Иә, олардың барлығы әртүрлі, бірақ бәрібір, кейбір белгілерге сәйкес, ұқсас жемістерді табуға болады.*<br>*- Эксперимент жүргізуді бастау үшін жемістерге сауалнама жүргізу керек.*<br>*- Бірдей пішіндегі жемістерді тауып, берілген жерге орналастырамыз..*<br>*Неліктен бұл жемістер деп ойлайсыңдар?*<br>*Қалай ойлайсыңдар, қандай жемістердің пішіні, көлемі,* | *Шарты: кептірілген жемістер, консервіленген және жаңа піскен жемістер салынған табақтар, жеміс компоттары бар стақандарды мұқият қарапшығу.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар жемістер мен көкөністердің айырмашылығы неде екенін сұрау.*<br>*Балаларды топқа бөлу арқылы жеміс түрлерін шығармашылықпен көрсету.*<br>***1-топ:** Бақтағы ағаш макетін құрастыру.*<br>***2-топ:** Макетте салынған алма суретін мақта таяқшасымен бояу.*<br>***3-топ:** Шие ағашына шиені ермексаздан мүсіндеу.*<br>***4-топ:** Алмұртты қиып жапсыру.*<br>***Тәжірибе №1.***<br>*Педагог балалармен бірге кептірілген және консервіленген жемістерді тексеріп дәм татады, компот ішеді.*<br>*Педагог бұл өнімдердің қалай ерекшеленетінін салыстырады және қорытынды жасайды.*<br>*Балалар әртүрлі тәсілдермен пісірілген бір жемісті табуға, айырмашылығын дәмін татуға үйренеді.*<br>***Қорытынды. Адамдар қыста жемістерді әртүрлі тәсілдермен жинау идеясын*** | *сендерді өз Орманыма, орман **патшалығына** қонаққа шақырамын.*<br>*Орман **патшалығы** өте бай,сұлу, мейірімді және жылулық береді. Менің сиқырлы, дана орманым Ертегілер мен ғажайыптарға толы!*<br><br>*Сендерді күтемін.!*<br>*Балалар, сендерге ертегілер мен ғажайыптар ұнай ма? (Иә.) Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.)*<br>*Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз - егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?*<br>***Балалар схема бойынша ережелерді атайды.***<br>*-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз*<br>*-Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.*<br>*-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.*<br>*Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.*<br><br>*Біз орманға пойызбен барамыз. Поезды дұрыс жөндеп алайық*<br>*Дид ойын: «Поезд»* | ***дыбыстарын тыңдау)***<br>*Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер?*<br>*-Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? -жаңбыр, найзағай, жел,жапырақтардың сыбдыры т.б*<br>*-Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады.*<br>*Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.*<br>*Құммен сурет салу ережесін түсіндіру. құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.*<br>***Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысыт.б***<br>***Тақпақ: Табиғат***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Жер–Ана біздің панамыз.*<br>*Таза болса табиғат*<br>*Біз де аман боламыз.*<br>***Ой қозғау.***<br>*«Неге біз орманмен доспыз? Ал бұл адамдарға не үшін қажет?*<br>*Орман ережелерін білеміз бе?*<br>***Ереже***<br>*Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.*<br>*Орманда қоқыс* | *Балалар: Ия*<br>*Ендеше мына пішіндерден автобус құрастырып, жолға шығайық.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Автобусты қандай пішіндерден құрастырдық?*<br>*Түстері қандай?*<br>***Ән аудио жазба ойнату.***<br>*Автобус қатты жүріп келеді, көзімізді жұмамыз. Автобус тоқтады, міне орманға келдік.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Орманда кішкентай үй тұр. Балалар мына үйде кім тұрады есігін қағып көрейік. Ешкім жоқ. Бірақ есігінде көптеген қалташалар тұр.*<br>***Аудио дыбыс қосу.** Сендер кімсіңдер, біздің орманда неғып жүрсіңдер. Біз орманның кішкентай тұрғындары, орманға ешкімді кіргізбейміз.*<br>***Тәрбиеші: АУУУ**(екі қолынмен аузын жауып)*<br>*Біздің балалар орманға қонаққа келді, біз орманды көргіміз келеді.*<br>***Аудио: Онда ана қалташаларды алыңдар.***<br>*Әр қалташаның тапсырмасын орындап жүру керексіңдер.*<br>*Жарайды.*<br>*Балалар мына* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *түсі ұқсас?*<br>*1. Қараңызшы, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме? (дөңгелек, сопақ);*<br>*2. Көлемі бойынша (үлкен және кіші);*<br>*3. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл);*<br>*4. Дәміне қарай.*<br>*Тәрбиеші:*<br>*-Олай болса, жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне қарай топқа бөлуге болатынын білдік.*<br>***Қорытынды: Жемістерді әртүрлі белгілерге қарай топтастыруға болады және бұл әртүрлі топтарға әкеледі.***<br>*Тәрбиеші: Балалар, аздап демалып, дене шынықтыру жаттығуларын жасайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*«Бұл алма»*<br>*Мынау алма! (тұру)*<br>*Бұл (қолдар екі жаққа)*<br>*Тәтті шырынға толы (қолдар белбеуде)*<br>*Қолыңызды созыңыз (қолыңызды алға созыңыз)*<br>*Алма жинаңыз (қолыңызды жоғары көтеріңіз)*<br>*Жел бұтақты тербете бастады (қолымызбен төбесінде тербелеміз)*<br>*Алма алу қиын (жоғары тартылды)*<br>*Мен секіремін, қолымды созамын (секірдім)*<br>*Және тез алма жинаңыз (қолыңызды басыңызға* | ***ойлап тапты: кептіру, сақтау, қайнату.***<br>***Жемістерде біздің ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Бірақ жаңа піскен жемістер ең пайдалы - барлық витаминдер оларда сақталады.***<br><br>***Тәжірибе №2. «Тұқымдар қайда жасырылады?»***<br>***Шарты:****: Балаларға өсімдік тұқымдарының қай жерде түзілетінін көрсету; олардың бір-бірінен көлемі, пішіні, түсі, құмырада жасалатын дыбыстары бойынша айырмашылығы; тұқым жинауды үйренуге көмектеседі. «Тұқым, жеңіл, ауыр, шашыраңқы, жасырыну» сөздерімен балалардың сөйлеуін белсендіру, есту қабылдауын дамыту.*<br><br>***Тәжірибе №3***<br>*Жүргізілу барысы: педагог топқа жаңғақ себетін әкеледі. «Балалар жаңғақ қай ағашта өседі? Ағашқа шишкілер не үшін қажет деп ойлайсыңдар? (тұқымдар оларда піседі).*<br>*Педагог балаларға шишканы таратып, одан тұқым алу жолын көрсетеді. «Сіз үстелдегі шишканы мұқият қозғауыңыз керек, тұқымдар шишкадан ұшып кетеді»*<br>***Ой қозғау. Сұрақтар:*** | *Шарты: Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру.*<br>*Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден поезд құрастырдық?*<br>*Түстері қандай?*<br>*Вагондардағы орынымызға отырамыз.*<br>*Балалар. Ш-Ш-Ш-Ш*<br>*Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді.(АҚТ технол)*<br>*Біз **Орман станциясына** келдік ! Вагондардан түсейік!*<br>*Енді жолмен жүреміз*<br>*Біз тар жолмен келе жатырмыз , төбешіктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз **орман үйіне** , сиқырлы дана орманға келдік!*<br>*Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.*<br>*Балаларға тапсырма диді.*<br>***1-тапсырма:** Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар*<br>***Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ? ( Ағаштар .)***<br>***2-тапсырма:** Менің патшалығым қалай аталады ? **(Орман.)***<br>*Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып , **орманның** әуенін тыңдайық.* | *қалдырмаңыз.*<br>*Құстардың ұяларын бұзбаңыз.*<br>*Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.*<br>*- Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз*<br>***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»***<br>***Тәжірибе № 1***<br>*Тәжірибе жасап көрейік, ағаш суға батады ма , жоқ па ? Біз үлкенді-кішілі 2 таяқшаны алып, суға саламыз.*<br>*Балалар ағаш заттарды алып, бассейндерге су құйып, тәжірибе жасайды.*<br>*Тәрбиеші : Не байқап тұрсыңдар?*<br>*Олар суға батады ма, жоқ па?*<br>*Балалар: жоқ.*<br>*(Тәжірибе жасап, балалар қорытынды жасайды: ағаш суға батпайды)*<br>*Балалар, біз ағаштың қандай қасиетімен таныстық?*<br>*Балалар: Ағаш суға батпайды.*<br>*Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адамдар ағаштан суда қайық, кеме, көлік жасайды.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Стол астынан конверт тауып алу.*<br>*Тамашалу. Конвертті ашу.*<br>*Ішіннен кеме суретері* | *қалташаларды алып тапсырма орындаймыз*<br>***1-қалташадағы тапсырма:***<br>*Орман бізге не үшін керек?*<br>*Орман – құстар мен жануарлардың мекені.*<br>*Орман бізді қатты және суық желдерден қорғайды.*<br>*Орман бізге құрылыс материалдарын береді.*<br>*Орман бізге таза су мен ауа береді.*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***2-қалташадағы тапсырма***<br>***Дид ойын: «Болады, болмайды»***<br>*-Ағаштар мен бұтақтарды сындырамыз. (болмайды)*<br>*Көбірек ағаш отырғызу (болады)*<br>*Шалғындарда серуендеу және гүлдерді таптау (болмайды)*<br>*Тек жолдармен жүру (болады)*<br>*Орманға қоқыс қалдыру(болмайды)*<br>*Орманда от жағу (болмайды)*<br>*Орманға қалай көмектесеміз?*<br>*Балалар: Қоқысты шығару керек.*<br>***3-қалташадағы тапсырма***<br>***Дид ойын:«Белгілерді ата»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шапалақтаңыз).*<br>***Тәрбиеші:***<br>*-Ал енді, балалар, мен сендерді жемістермен тәжірибе жасауға шақырамын. Әрқайсысың өз үстеліңізге келіңіздер. мандаринмен тәжірибе жасайық. мандариндер салынған үстелдерге барайық.*<br>*-мандарин дер жүзе алады деп ойлайсыңдар ма? (балалардың жорамалдары). Тексерейік?*<br>***№1 тәжірибе.***<br>***Түстер құпиясы.***<br>***Аскөк, пияз.***<br>*- Аскөктің бір бұтағын алып, оны бумаға салып, қағаз бетіне тік сызық сызамыз, аскөкпен сурет салуға болады ма?*<br>*- Ол жолды қандай түспен қалдырды?*<br>*Ал енді картадағы нәтижені белгілеңіз, қараңыз*<br>*- Аскөк сурет салады ма?*<br>*- Иә*<br>*- плюс қойыңыз. Қандай түс?*<br>*- Жасыл*<br>*- шеңберді жасыл түске боя. Енді пиязды қолданып көрейік.*<br><br>*-Пияздың қауырсынын алып, бүктеп, тік сызық сызамыз, пиязбен сурет салуға бола ма?*<br>*- Жарайсыңдар, бәрі жақсы болды ....* | *«Тұқымдар қайда жасырылды?*<br>*Тұқымдар қаншалықты үлкен? Олар жеңіл немесе ауыр ма? Ағашқа тұқым не үшін қажет? (тұқымнан жаңа ағаштар өседі).*<br>*Педагог балалардың алдына тұқым салынған науаны қойып, қайыңның тұқымын табуды сұрайды. Сұрақтар: «Қайың тұқымы жасырылған ба? (Жоқ). Олар қайда? (қайың тұқымдары бір-біріне жабысады, сырға жасайды). Оларды сілкіп көрейік. Не болады? (тұқымдар шашылады). Неліктен олар ыдырап кетті? (тұқымдар піскен, олар жеңіл).*<br>***Тәжірибе №4***<br>*Педагог ең үлкен тұқымдарды таңдауды ұсынады. Әрбір тұқым бөлек өз үйінде жасырылады. Бұл үй қандай? Оларға қозғайық. Каштан тұқымын үрлеуге бола ма? Неліктен? (олар ауыр). Тұқымның пішіні қандай? Олар қандай сезімде? (дөңгелек, тұтас).*<br>*Дид ойын: «Сылдырмақ жасайық»*<br>*ойын тапсырмасы - балалар тұқымның әр түрін жеке банкаға салып, оның шырылдағанын тыңдайды. Сұрақтар: «Қай банка ең шулы? Неліктен? (Каштан құмырасы шулы, өйткені* | *Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .*<br>***Ой дамыту.***<br>***Ағаштар туралы әңгіме*** *(көрнекі үлгілерді пайдалану)*<br>*.*<br>***Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп .***<br>***Ағаш дегеніміз не ?***<br>*(Ағаш - ең үлкен өсімдік.*<br>***Оның бөліктерін ата.***<br>*(Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)*<br>***Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме?*** *(Иә.) Неге?*<br>*(Ол өседі, тыныс алады)*<br>***Дид ойын: «Ретімен жаса»***<br>*Үстелде* ***ағаш бөліктерінің*** *(тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар, ) аралас графикалық үлгілері бар .*<br>***Ағаштың құрылысының ретін жапсыру.*** *Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету.*<br>*(біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар* ***ағаш тәжін құрайды*** *).*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, орман нелердің үйі? Жануарлар мен құстардың.*<br>***Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?*** | *шығады.*<br>*Балалар мына кеме суреттерін әсемдеу керек сияқты, не істеуге болады. Бояу керек сияқты.* ***Кемені бояу***<br>***Тәжірибе № 2***<br>*Тәрбиеші : Ал енді келесі тәжірибе. Менде 2 стақан бар, ағаш пен әйнектен жасалған. Енді мен оларға доптар саламын. Әйнек стаканнан доп көріне ме? Ал ағаш стаканнан ше? Қортынды: Ағаш қалың болғандықтан ондағы зат көрінбейді. Әйнек мөлдір онан бәрі көрінеді. Бұл ағаштың тағы бір қасиеті .*<br>***Мына доптардың пішіні қандай?***<br>***Түсі қандай?***<br>*Ендеше екі топқа бөлініп, екі допты мүсіндейміз.*<br>*Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру.*<br>*Тәрбиеші : Балалар, шаршадыңдар ма? Біраз демалып алайық.*<br>*Аулада қарағай бар*<br>*Ол аспанға қол созады. (аяқ ұшымен тұру)*<br>*Оның жанында терек өсті, (қолдарын жоғары көтереді)*<br>*Жел қатты соғып тұрды Барлық ағаштар қозғалып кетті.*<br>*(алға-артқа еңкейуі.)*<br>*Бұтақтары алға-артқа* | *Шарты: диалогтік сөйлеуді дамыту.]*<br>*Мольбертте күзгі пейзажды бейнелейтін сюжеттік картина қойылған.*<br>*Суретте қай жыл мезгілі көрсетілген?*<br>*1-бала.Күз мезгілі.күн салқын.....*<br>*2-ші бала. Жаңбыр жауып тұр, адамдар резинка етік ,.....*<br>*3-ші бала. Құстар жылы жаққа.....*<br>*4-ші бала. Жапырақтары түсіп жатыр.Жапырақтардың түсі.....*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*1-топ: Ағаштар*<br>*2-топ: Сары жапырақтар*<br>*3-топ: жасыл жапырақтар*<br>*4-топ: Бұтақтар*<br>***1-Топ:*** *А3 форматта ағаштарды құрастыру*<br>***2-топ:*** *Ағаш діңін бояу.*<br>***3-топ:*** *Ағаштың сол жағына сары жапырақтарды ермексаздан жапсыру.*<br>***4-топ:*** *Ағаштың оң жағына сары жапырақтарды қиып жапсыру.*<br>***«Күзгі орман» әнін айтып бақшамаызға қайтайық.***<br>***Қортынды***<br>*Ағаш жапырақтары күз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Пияз сурет салады ма?*<br>*- Иә*<br>*- Плюс қойыңыз. Қандай түс?*<br>*Жасыл*<br>*- Шеңберді жасыл түске боя.*<br>*- Жарайсың! Нағыз ғалым!*<br>***№2 тәжірибе.***<br>***Көкөністер қызылша, сәбіз***<br>*- Біз сәбіздің бір бөлігін алып, оны қағаз парағына саламыз ....*<br>*Нәтиже бізге эскиз жасауға көмектеседі .... шығу.*<br>*- Сәбіз салады ма?*<br>*- Иә*<br>*-Олай болса, сәбіз салынған суреттің алдына не саламыз?*<br>*- Плюс*<br>*Шеңбер қандай түсті болады?*<br>*- Дұрыс қызғылт сары. Жарайсың!*<br>*- Біз қызылшаның бір бөлігін алып, оны қағаздың үстіне саламыз ....*<br><br>***Сергіту сәті.«Бағбан»***<br>*Біз кеше (балалар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді)*<br>*Қарақат отырғыздық*<br>*(шұңқыр қазып, оған бұта отырғызуды бейнелеу)*<br>*Алма ағаштарын әкпен әктедік.*<br>*(оң қолды жоғары және төмен жылжытыңыз)*<br>*Біз қоршауды жөндедік.*<br>*(балға соққыларына* | *каштан ең үлкен және ең ауыр). Неліктен шырша тұқымдары бар құмырада дыбыстар естілмейді? (олар кішкентай және жеңіл).*<br>*Қайың тұқымы құмыраның дыбысы қандай? (қатты емес).*<br>***Қорытынды: Әрбір өсімдіктің тұқымға арналған өз үйі болады.*** | *Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады? (Тиін) .*<br>***Індерде қандай жануарлар тіршілік етеді?*** *(түлкі, тышқан.)*<br>***Орманда қандай құстар мекендейді?*** *(Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)*<br>*Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!*<br>***Орман патшалығының*** *барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетуіміз керек .*<br>***Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.*** *Алдымен қолымызды сурет салуға дайындап алайық.*<br>***Дид ойын: «Суретшілер»***<br>***Дене шынықтыру минуты***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымен жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар,*<br>*Үп-үлкен боп өседі.*<br>*Құстар ұшып жүреді,*<br>*Орман ішін аралап.*<br>*Аю жүреді қорбаңдап,*<br>*Түлкі жүреді құлаңдап*<br>*Қасқыр жұреді жалаңдап*<br>*Қоян жүреді секіріп*<br>*Біз жай жүрейік демалып.* | *иіледі*<br>*Жел оларды тербетеді, (қолдар бастан жоғары бұлғау)*<br>*Жел тынды, ағаштар демалды.*<br>***Дид ойын: «Ағаш бөліктерін тап»***<br>***Шарт:*** *Ағаш бөліктерін ретімен құрастыру.*<br>*Неліктен ағаштарға тамыр керек? (тамақ үшін)*<br>*Ағаштарды тірі деп айта аласыз ба? Иә, өйткені ағаштар өседі, қоректенеді, тыныс алады, көбейеді - бұл олардың тірі екенін білдіреді. Оларды қорғау керек.*<br>***Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:***<br>*«Орман әлемін сақтаңдар*<br>*Бұтақтарды сындырмаңдар,*<br>*Бізге су құюды ұмытпаңдар,*<br>*Бізді баспаңдар» деп айтар еді.* | *мезгіліндегі қандай түске енеді?*<br>*Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *еліктейді)*<br>*Біз әңгіме бастадық (шеңберге қарама-қарсы тұрады, ортаға бір бала шығады, диалог жүргізеді)*<br>*Сіз біздің бағбанға айтасыз Бізге сыйлық ретінде не бересіз?*<br>*Мен сыйлық ретінде күлгін алхоры беремін,.....*<br>*(жемістің әрбір атауына бас бармақтан бастап екі қолға бір саусақ бүгіледі).*<br>*Біз қызықты, қызықты эксперименттерімізді жалғастырамыз.*<br>***№3 Тәжірибе.***<br>***Жидектер қарақат, таңқурай***<br>*- Үстелде сөмкелер бар, оны ашып, жидекті алып, салфеткаға пакетке салып, алақанмен жидекті басыңыз. Қаптаманы аударып, майлықтың түсіне қараймыз.*<br>*Нәтижені сызамыз.*<br>*- Қолымызды сүртеміз, сыртқа шығып шеңберге тұрамыз.*<br>*- Балалар, айтыңдаршы, біз бұл тәжірибелерден не білдік?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*-Дұрыс, балалар, біз тек бояумен, қарындашпен ғана емес, табиғи бояулармен – көкөністердің, өсімдіктердің, жидектердің шырынымен де сурет салуға болатынын білдік.* | | ***Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.***<br>*Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп ойлайсыңдар? (Жапырақтары.)*<br>***Ендеше ағаштарымызға күзгі жапырақ саламыз ба ?***<br>*Мақта таяқшасы арқылы сары жапырақтар салу. Қандай әдемі! Қандай тамаша*<br>***Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін,***<br>*Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік*<br>***От та, суда, ауа да***<br>***Жан-жануар барлығы***<br>***Орман теңіз тауларда***<br>***Табиғаттың байлығы***<br>*Поездға отырып бақшамызға барамыз.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *- Кішкене тосын сый жасайық! Маған келіңіз, үстелде әртүрлі көкөністер мен жемістердің бланкілері бар, бір-бірден алып, оларды белгілі бір түсті шырынмен безендіріңіз. Біз оларды бір үлкен табаққа жапсырамыз, әдемі натюрморт аламыз. - Жарайсың!*<br>*- Балалар сендерге зертхана ұнады ма?*<br>*- Қандай қызықты және жаңа нәрселерді білдіңіз? Сізге қандай түстер көбірек ұнайды?*<br>*- Балалар, бұл түстерді табиғи деп атауға бола ма? Неліктен?*<br>*Мұнда біз табиғи түстердің құпиясын аштық.* | | | | |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау* | ***Картотека № 11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* | ***Картотека №12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж* | ***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды* | ***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу,* | ***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу,* | ***№7.*** *«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»-* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шаралары. | *жасаймыз –«қолды жуамыз».*<br>*- «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз.*<br>*«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,*<br>*- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.*<br>*- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.*<br>*- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.*<br>*- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | *Екі – төмен ұста қолыңды*<br>*Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды*<br>*Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*<br>*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | *былғау – «құстар қанат қағып жатыр».*<br>*2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.*<br>*3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау* | *жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.*<br>*- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.*<br>*- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | *балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.*<br>*- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.*<br>*- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.*<br>*басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.*<br>*«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***М. Монтессори технологиясымен жұмыс.***<br>*Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жасай алады.*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* | ***Мнемотехника әдісі***<br>***Тақырыбы: Киімдер***<br>*Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алады..*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* | ***АҚТ технологиясы-мен жұмыс***<br>*Математикалық дамытушы ойындарда сұрақтарға жауап бере алады.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* | ***Ойын – жаттығу***<br>*«Қуыршықты жуындыр»*<br>*Мақсаты:балалар тазалық туралы түсінеді.*<br>*Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* | ***Кел, тыңдайық ертегі.***<br>***«Балапандар» ертегісі***<br>***Мақсаты:*** *Ертегі желісіндегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз образын ажырата біледі.*<br>*Еркін ойын*<br>*Жанама бақылау* |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***«Зат неге ұқсайды?»***<br>***Мақсаты:*** *Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.* | ***Түрлі түсті жолақшалар.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды ұзын – қысқа , түрлі – түсті жолақшаларды ажырата білуге үйрету.* | ***«Кілтті тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды түстерді , геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.* | ***«Қажет суретті тап»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*Үлкен және кіш ұғымдарын түсіндіру. Үлкен-кіші заттарды топтауға үйрету.* | ***«Көжекті жасыр»***<br>***Мақсаты:*** *Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.* |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 10***<br>*Торғай мен Қарғаны бақылау* | ***Картотека № 11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека №14***<br>*ауа- райын бақылау* | ***Картотека №12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №13***<br>*Аула маңындағы көліктерді бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |


**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Растишка» балабақшасы**


Топ: «Құлыншақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 21.11 – 25.11.2022ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды Қабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №13***<br>***«Не жоқ?»***<br>*Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека №15***<br>***Танып ал да, атын ата***<br>*Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру;*<br>*сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары»***<br>*Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту.* | ***Картотека № 17***<br>***«Менің сүйікті ертегім»***<br>***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.* | ***Картотека № 18***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қараша айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | *Жабырқауды білмейміз,*<br>*Жалқаулықты сүймейміз,*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан.* | *Армысың, шапағатты,*<br>*Күн ана*<br>*Армысың қайырымды,*<br>*Аспан ана*<br>*Армысың мейірімді,*<br>*Жер ана*<br>*Армысың менің достарым.* | *Бақшамызға барғанда*<br>*Жолыққан бар жандарға.*<br>*Ертемен ақ пейілмен,*<br>*«Қайырлы таң» деймін мен* | *Қуанамын мен де,*<br>*Қуанасың сен де,*<br>*Қуанайық достарым*<br>*Арайлап атқан күнге.* | *«Арайлап таң атты»*<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Күн шуағын шашты.*<br>*Сәлем күн, сәлем жер*<br>*Сәлем достар*<br>*Бәріміз бірге болайық.* |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар, бізге хат келіпті. Тындайық. Аудио дыбыс. «Кар-Карр! Қыс келе жатыр, біздің құстар әлсіздік танытып, ұша алмай жатыр. Зұлым бақсы* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Ненің даусы»***<br>*Шарты: Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату.*<br>*Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату.* | ***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Ертегілер әлемі***<br>*Балалар сендерге ертегі тамашалаған ұнай ма?*<br>***«Дауыс іздеген балапан»***<br>***АҚТ технологиясымен сурет көрсету*** | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>*Дыбыс шығып есіктен тауық кіреді. Балалар бізге не келді?*<br>*Тауық сендерден көмек сұрап келіпті* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*- Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?*<br>*- Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттаймыз.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *оларды сиқырлады. Мен сіздерден, балабақшадан көмек сұрауды жөн көрдім. Өйткені, құстар үшін сіздер таптырмайтын жақсы достарсыңдар. Балалар, көмектесіңдерші, құстардың сиқырын өшіріңдерші!»*<br>*Хат қайдан келді?*<br>*Барлығына белгілі, ол жергілікті айқайшы қарғадан келді*<br>*Құстардың ұшуына көмектесеміз бе?*<br>*Біздің біліміміз бен дағдыларымыз бізге көмектеседі деп ойлаймын.*<br>*Хатты тағы оқу.*<br>*«Кар-Карр! Зұлым сиқыршы жолға сандары бар конверттерді шашыратып жіберді. Конверттердегі барлық тапсырмаларды орындасаңыз, сиқыршылық жойылып, құстар ұша алады.*<br>***Бірінші конвертті қандай санмен іздейміз?***<br>*Құстарды үркітпеу үшін біз тыныш, аяқтың ұшымен барамыз*<br>***№1 конверт***<br>***Дид ойын: «Қыстап қалатын құстарды тап»***<br>*Магниттік тақтаға әртүрлі құстардың суреттері ілінеді. Балаларға тек қана қыстап қалатын құстарды таңдап, оларды ағаштарға жапсыру. Жапсырған құстарды атау. Неліктен бұл құстар қыстап* | *Сұрақ- жауап.*<br>*-Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою.*<br><br><br>*-Әтеш қалай дыбыстайды?*<br>*- Ал, тауық ше?*<br>*(Әтеш шақырады: “коо-ка-ре-ку.”)*<br>*Ал тауық? (Қақылдап: «ко-ко-ко.»)*<br>*- Тауықтың адамға қандай пайдасы бар? (Тауықтар адамға жұмыртқа, етін – береді, оны адам жейді. Тауықтың мамығы мен қауырсынынан көрпе, жастық, қысқы жылы киімдер: бас киім, мамық күртеше жасалады.)*<br>*Тауық балалары қалай аталады?* ***Шөже.***<br>*-Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз?*<br>***Тыныс алу жаттығуы «Қауырсынды ұшыру»***<br>***Сергіту сәті.***<br>*Әтеш ерте оянып,*<br>*Жан-жағына қарады.*<br>*Шынықтырып денесін,*<br>*Қанаттарын қағады.*<br>***Дид ойын: «Көлеңкесін тап»***<br>*Шарты: Сурет бойынша* | ***арқылыертегі желісін түсіндіру.***<br>*Ертеде Шөптің үстінде бір жұмыртқа жатады.*<br><br>*Музыка әуеніне көбелектер мен гүлдер билейді.*<br>***Дид ойын: «Гүлдерге көбелектерді қондыр»***<br>***Шарты:*** *Қызыл, сары, жасыл гүлдерге түстеріне сәйкес көбелектер жапсыру.*<br>*Бидің соңында жұмыртқа жарылып балапан шығады.*<br><br>***Көбелектер мен гүлдер балапанға : Ой қандай сап-сары балапан***<br><br>*Қайырлы таң, туған күніңмен деп құттықтайды да ұшып кетеді.*<br>***(Балалар айтылған сөздерді қайталау)***<br>***Балапан:*** *Шиқылдайды: Шиқ! Шиқ! Шиқ!* | *Ол өзінің балапанын жоғалтып алыпты. Көмектесеміз бе*<br>*Тауық балапанын іздеп шарашап қалыпты*<br>*- Балалар тауық не жегенді жақсы көреді?*<br>*Олай болса тауыққа жем берейік. Мында тары мен бұршақ араласып кетіпті. Тауыққа тарыны тауып берейік.*<br>*Саусақ моторикасына арналған*<br>***Дид ойын: «Тары жинаймыз»***<br>*(қалташада тігілген бұршақ пен тарыны айыру)*<br>*Саяхатты хабарлау.*<br>*Тауықтың балапанын іздеуге жолға шығамыз. мына жерде өзен ағып жатыр екен, қалай өтеміз?*<br>***Балалар: Көпір саламыз.***<br>*Үлкен дөңгелек тастардан балалар үлкен дөңгелек пішінді жинастырып көпір құрастырады.*<br>*Судың түсі қандай?*<br>***Балалар:*** *Судың түсі көгілдір*<br>*Судан қолды белге қойып өтеміз.*<br>*Мына судың жиегінде балапандар шалғынға құлап қалыпты қане оларға көмектесіп тауыққа берейік.*<br>***Ой қозғау***<br>*Үлкен форматтағы шалғынның суретіне* | *көзімізді жұмып 1,2,3 деп санаймыз.Сиқырлы әуен ойналады.*<br>*- Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы.*<br>*- Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін.*<br>*- Тук-тук, кім бар екен?*<br>*- Мен бармын.*<br>*- Сіз кімсіз?*<br>*- Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін.*<br>*- Ооо, жақсы болды ғой. Біз "Үй құстарына" байланысты ертегі тыңдағымыз келеді.*<br>*- Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін.*<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*("Екі әтеш" ертегісін айтып береді)*<br>*- Балалар ертекші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма?*<br>*- Сіздің ертегіңіз бізге қатты ұнады.*<br>*Біздің балалар өнерлі екенін көрсеткісі келеді. Олар сізге екі әтештің суретін салып берсін. Дайын әтеш суретін бояу.*<br>***1-ші әтеш қызыл.***<br>***2-ші әтеш сары.***<br>***Рақмет балалар керемет.*** *Енді біз өз* |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қалатын құстар деп аталады?*<br><br>***Конвертті қандай санмен іздейміз?***<br>*«Қаздар болып ұшайық»*<br>*Балалар сапқа тұрып, әуен бойынша залды айналып ұшады.*<br>***№2 конверт***<br>***Дид ойын: «Қоныс аударатын құстар»***<br>*Конверттен қиынды суреттерді алып қоныс аударатын құстарды құрастыру.*<br>*Неліктен бұл құстар қоныс аударатын деп аталады?*<br>*Күзде олар жылы климатқа ұшып кетеді, ал көктемде олар оралады.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Кейбір құстар түнде, басқалары күндіз ұшып кетеді екен. Бірақ ұшу алдында олар сынақтық рейстерді жасайды, әдеттегіден көп тамақтанады, май жинайды - ұшу кезінде тамақ ішетін жер жоқ. Ұшу кезінде оларды жұлдыздар басқарады, ал егер аспанды бұлт басып, жұлдыздар көрінбесе, онда олар Жердің магниттік тербелістерін басқарады.*<br>***«Құстар неге көңіл бөледі?» ойын жаттығуы.***<br>***№3 конверт***<br>*Көктемде құстардың* | *құстардың көлеңкесін тауып қоя білу.*<br><br>***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»***<br>***№1 тәжірибе***<br>***«Тауық жұмыртқасының сыртқы белгілерімен танысу»***<br>*Балалар, жұмыртқаға қараңдаршы. -жұмыртқаның түсі қандай?*<br>*-жұмыртқаның пішіні қандай? (сопақша).*<br>*-жұмыртқа қатты ма, жұмсақ па?*<br>*Енді біз жұмыртқаның сыртқы белгілерін білеміз.*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Балаларды 2 - топқа бөлу.***<br>***1-топ:*** *Дайын трафареттен тауықты сары түске бояу.*<br>***2-топ:*** *Қиынды үлгілерден жұмыртқа құрастыру.*<br>*Тәрбиеші. Балалар, сендер тауық жұмыртқасының қандай болатынын білдіңдер ме, бірақ жұмыртқаның ішіне қарағыларың келе ме?*<br>***Тәжірибе №2***<br>***«Шикі жұмыртқаның құрамы»***<br>*Тәрбиеші. Балалар жұмыртқаны ақырын алып,* | *Ортаға қарға ұшып келеді,*<br>***Қарғаның баласы:*** *Карр! Карр! Карр! Мынау не шиқылдап жатқан. Даусың қандай жаман еді, ешкімде естімейді. Дауыс меніңкі сияқты болу керек, тыңдашы Карр! Карр! диді*<br><br>***Балапан:*** *Шиқ! Шиқ! Мен ондай дауысты қайдан алам, оны саған кім үйретті?*<br>***(Балалар айтылған сөздерді қайталау)***<br>***Қарғаның баласы:*** *Анам үйретті.Сол кезде қарға Карр! Карр! деп ұшып келіп баласын алып кетеді.*<br>***Балапан:*** *Шиқ! Шиқ! Ия даусың жуан болған қандай жақсы, барлығы естиді, ал мен ондай дауысты қайдан алам, қой іздейін дейді.*<br>***Музыка әуеніне бақалар билейді.***<br>***Балапан:*** *Шиқ! Шиқ! Қайырлы таң*<br>***Бақалар : Ква – ква*** *Қайырлы таң*<br><br>***Балапан:*** *Шиқ! Шиқ! Сендер мені өздерңнің дауыстарың сияқты жуан дауыс* | *қиылған балапандарды тауықты қасына жапсыру.*<br>***Т. Волгинаның «Балапандар» әні.***<br>***Ертіп сары балапандарын Айдарлы әсем шықты тауық.***<br>***«Кетпеңдер ұзап, балапандарым»,***<br>***Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*-Тауық балапандарына не деді?*<br>*Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен.*<br>*Тауықтың балаларға рақмет айтуы.*<br>***Шығармашылық орта.***<br>***Дид оын: «Балапанға дос тауып бер»***<br>*Балапандарды мақта таяқшасымен бояу.*<br>***Дид ойын: «Балапандарды тамақтандыр»***<br>*Ермексаздан сопақша пішінде дән жасау*<br>***Тауықтың балапаны***<br>*Ертай Ашықбаев*<br>*Бұл балапан қандай мықты,*<br>*Жұмыртқаны жарып шықты.*<br>*Шыға салып ерінбеді,*<br>*Жемін өзі теріп жеді.*<br>*Қондырып ап алақанға,*<br>*Жем беремін балапанға*<br>***Саяхаттан қайту***<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Қайда бардық, неге* | *елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекші әжей.*<br>***Сауболыңыз!***<br>***- Сауболыңдар балалар!***<br>*- Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек.*<br>*(Сиқырлы әуен ойналады)*<br>*- Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік.*<br>***Ой қозғау.***<br>*- Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік?*<br>*- Ол жақта кім бар екен?*<br>*- Иә. Ертекші әжей бізге қандай ертегі айтып берді?*<br>*- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен?*<br>*- Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.*<br>*- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады.*<br>***Түсініктеме бөлімі***<br>*- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы.*<br>*- Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.*<br>*- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары.*<br>*- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
